



050001, Алматы к., Республика алаңы, 4  
тел.: 8 (727) 271-65-09, факс: 8 (727) 262-34-82  
e-mail: dep@edualmaty.kz

050001, г. Алматы, площадь Республика, 4  
тел.: 8 (727) 271-65-09, факс: 8 (727) 262-34-82  
e-mail: dep@edualmaty.kz

09.01.2019 № 03 - 3-4/14

Аудандық білім  
бөлімдерінің басшыларына,  
жалпы орта білім беру  
ұйымдарының басшыларына

Қаладағы орта білім беру ұйымдарында оқушыларды тамақтандыру  
кезінде сапалы және денсаулыққа қауіпсіз тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету,  
сондай-ақ, бюджеттен бөлінген қаражатты мақсатты пайдалануда **тапсырымын**:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы  
31 қазандығы № 598 бүйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарында  
оқушылардың тамактануын ұйымдастыру ережесіне сәйкес, 1-11 сынып  
оқушыларын тамақтандыруды және әлеуметтік жағынан аз қорғалған  
отбасындағы оқушылар (әлеуметтік аз қамтылған), жетім балалар немесе  
ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тегін тамақтандыруды  
ұйымдастыру бойынша конкурстық процедуралер уақтылы жүргізілсін;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық министрінің 2017 жылғы  
16 тамыздағы № 611 (бұдан әрі – санитарлық ережелер) бүйрығымен бекітілген  
"Білім беру обектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық  
талаптардың» 7-ші бөлімі орындалсын:

- 7-ші бөлімнің 119-тармағы бойынша Санитарлық ережеге сәйкес -  
балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру нысандарының қофамдық  
тамақтану ұйымдарында рұқсат етілмейді (акпараттық стенде орналастыруға):

1) дайындал және сатуға:

қатық, сұзбе, айранды;

туралған ет қосылған құймақтарды;

флотша макаронды;

зельцтер, форшмактар, сілікпелер, паштеттерді;

кремі бар кондитерлік өнімдерді;

тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад,  
кемпіт, печенье);

морстар, квастарды;

фритюрде қуырылған өнімдерді;

шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны;

күрделі (4 компоненттен артық) салаттарды; қаймақ пен майонез қосылған салаттарды;

окрошканы;

саңырауқұлактарды;

өнеркәсіpte дайындалмаған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін;

тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші тағамдарды;

газдалған, емдік және емдік-асханалық минералдық суды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда);

фаст-фудтар: гамбургерлер, ход-догтар, чипсілер, кептірілген нан, қытырлақ нанды;

аңы тұздықтар, кетчуптар, аңы дәмдеуіштерді (бұрыш, ақшелек, қыша) дайындауға және өткізуге;

2) мыналарды:

пастерленбеген сұтті, термиялық өнделмеген сұзбені және қаймақты;

суда жүзетін құстың жұмыртқасы мен етін;

ауыл шаруашылығы малының сырқаттанушылығы бойынша қолайсыз шаруашылықтардың сүтін және сүт өнімдерін;

тіл, жүректі қоспағанда өнімді мал мен құстың субөнімдерін;

механикалық түрде сылынып алынған өнімді малдың етін және құс етін;

құс етінен алынған құрамында коллаген бар шикізатты;

сойылған өнімді мал мен құстың қайта мұздатылған өнімдерін;

генетикалық түрлендірілген шикізаттар және (немесе) құрамында генетикалық түрлендірілген көздер бар шиізаттарды;

йодталмаған тұзды және құрамында темір бар витаминдермен, минералдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғарғы және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмейді;

3) бекітілген ас мәзіріне сәйкес окушыларды тамақтандыру білім беру ұйымдарындағы асханаларда және буфеттерде жүзеге асырылсын;

4) Жеткізушінің қызмет көрсетуін таңдау кезінде жеткізушіні таңдау бойынша техникалық тапсырмаға тегін тамақтандыруға құқығы бар білім алушыларды қамтамасыз ету үшін талап етілетін перспективалық мәзір қоса беріледі. Сонымен қатар, қызмет көрсету жөніндегі келісімді бекіту кезінде жас ерекшеліктері мен жыл мезгілдеріне қарай міндетті түрде апта сайын алмастырумен орындау бойынша қоса берілген перспективалық ас мәзірі басшылыққа алады;

5) бекітілген перспективалық ас мәзіріне сәйкес білім беру ұйымдарының басшылары күн сайын келесі күнге ас мәзірін бекітеді, оны асханаға және

үйлестірілген салауатты тамақтар туралы ақпарат жөніндегі салауатты тамақтандыру бұрышына (Сонымен қатап интернет-ресурстың Мектептік тамақтандыру бөліміне орналастырады) іледі.

6) санитарлық-эпидемиологиялық саласындағы мемлекеттік органмен келісілген санитарлық ережелерге сәйкес әлеуетті жеткізушілерден өнімдердің ассортименттік тізбесі алынсын және тізбе негізінде ақылы тамақтанудың 2 апталық ас мәзірі бекітілсін (ыстық және буфет өнімдері);

7) тағамның картотекасы болған жағдайда тағам өнімдерін қойып, бағасын белгілеу;

8) жекеленген оқушыларға емдәмдік және диеталық тағам (дайындау және бекіту) үйымдастырылысын;

9) тағамдық блокта келесі журналдардың болуын үйымдастыру: тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналы, тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналы, «С - витаминдеу» журналы, ас блогы жұмыскерлерін тексеріп-қарастыру нәтижелері журналы, шағым және ұсыныс журналы;

10) салауатты тамақтануды наихаттау туралы ақпаратпен тамақ залын эстетикалық безендірілсін;

11) оқушылардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру мақсатында, сынып сағаттарында салауатты тамақтануды наихаттау жүргізу;

12) бекітілсін: жауапты мұғалімдердің кезекшілік кестесі, оқушыларды тамақтандыру кестесі, екінші сабактан кейінгі тамақтандыру уақыты анықталсын;

13) тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу бойынша мектеп комиссиясы жүйелі бақылауды жүзеге асырын (әкелінетін азық-түлік өнімдерінің сапасына күнделікті мониторинг, тағамды дайындау технологиясына, тоқауытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығына, өнімдердің дайын тағамдардың сақтау мерзімдері мен жағдайларының сақталуына мониторинг).

Комиссия жұмысының қорытындысы тоқсан сайын педагогикалық кеңесте каралып, орта білім беру үйымдарының интернет-ресурстарында орналастырылысын;


14) алдын-ала үстелдерге тамақ әзірлеу ісіне оқушыларды тартуға тыйым салынсын;

15) "Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және женілдікпен тамақтандыру" мемлекеттік қызмет стандартына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бүйрүгіна 6-шы қосымшасы) әлеуметтік жағынан аз қорғалған (табысы аз) отбасылардан шыққан, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тегін тамақпен 100% қамту қамтамасыз етілсін;

16) тегін тамақтандыруды үйымдастыруға қарастырылған бюджеттік каражаттың уақытын және мақсатты игерілуіне мүмкіндік жасалсын;

- 17) Алматы қаласы Білім басқармасы жанындағы тамақтандырудың сапасына бақылау жасау жөніндегі ведомствоаралық сараптама топтары: тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жүйелі түрде мониторинг жүргізуі жүзеге асырсын, тамақтандыру сапасына мониторинг бойынша комиссия қызметін зерделеу және оқушыларды тамақтандыруды тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдасын;
- 18) осы хатта көрсетілген тапсырмалардың мүлтіксіз орындалуы қамтамасыз етілсін.

Басшы



Г. Ходжабергенова

Т. Салижанов, (727)272-11-00  
T.Salizhanov@almaty.gov.kz

